

зерттеулерді, ауызша тарихты (шәкірттері мен әріптестерімен сұхбаттар), ғылыми мектептердің картасын жасауды және аймақтың басқа университеттерімен салыстырмалы талдауды енгізуге болады [1; 2; 7].

Е.А. Бөкетовтың білім беру миссиясы – университетті ғылым, технология, гуманитарлық білім мен азаматтық жауапкершіліктің синтезі ретінде стратегиялық тұрғыдан пайымдау. Оның институционалдық көріністері – білім мен зерттеудің интеграциясы, индустриямен тұрақты байланыстар, пәнаралықты қолдау, академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру – Бөкетов негізін қалаған қағидағаттардың бүгінгі күні де өз тиімділігін сақтап отырғанын көрсетеді.

Жаһандық білім кеңістігінде өз позициясын нығайтып келе жатқан қазіргі Қазақстан үшін Бөкетов мұрасына жүгіну реформаларды бытыраңқы бастамалардың жиынтығы емес, сапаға, инновацияға және қоғамға қызмет етуге бағдарланған «миссия университеті» тұжырымдамасы аясындағы тұтас стратегия ретінде құруға мүмкіндік береді. Оның идеялары мен тәжірибелерінің ұзақ мерзімді құндылығы да осыдан көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Букетов Е.А. Избранные труды. – Караганда: Изд-во КарГУ, 1980.
2. Карагандинский университет имени Е.А. Букетова: история и современность. – Караганда, 2020.
3. Абдрахманов А. Развитие университетского образования в Казахстане: исторический аспект. – Алматы, 2015.
4. Смагулов Е. Университет как центр науки и образования. – Астана, 2018.
5. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. – Астана, 2017.
6. UNESCO. Higher Education in the 21st Century: Vision and Action. – Paris, 1998.
7. Вестник Карагандинского университета. – Караганда, различные годы.
8. Букетов Е.А. Очерки, статьи, выступления. – Алматы, 1982.

ӘОЖ 37.013(574)

## МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІМІЗДІҢ КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ Е.А.БӨКЕТОВТЫҢ ЕҢБЕГІ

**Искаков С.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Кервенов Қ.Е.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Бейсенова Д.Р.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Нығметжанова Т.Қ.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Искакова Г.Ш.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қарағанды мемлекеттік университетінің ашылуымен Орталық Қазақстанда жаңа дәуір басталды. Профессор-оқытушылар құрамы, студенттер мен қоғамдық ұйымдардың алдында оқу-әдістемелік, ғылыми, идеялық-тәрбие жұмыстары алдында жас мамандар даярлау сапасын арттыру жолында түбегейлі қайта құру мәселесі тұрды. Осы міндеттерді мұқият шешу үшін ең алдымен кадрларды дұрыс таңдау және орналастыру қажет болды.

Осы орайда, Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебінің көрнекті өкілі, академик, жазушы, қоғам қайраткері Е.А.Бөкетов- Қарағанды университетінің тұңғыш ректоры ретінде оқу орнының іргетасын қалауда, оның ғылыми-кадрлық әлеуетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Университеттің құрылуы тек аймақтық емес, республикалық деңгейде жоғары білім берудің дамуына зор үлес болып саналады. Әсіресе, Математика факультетінің қалыптасуы мен алғашқы кадрларын даярлау ісінде Е.А.Бөкетовтың ұйымдастырушылық қабілеті мен көреген басшылығы айрықша маңызға ие болды. Математика факультетіміздің алғашқы деканы болып А.И. Игликов тағайындалды.

ҚазССР жоғары және орта арнаулы білім Министрлігінің жолдауымен университетке 18 ғылым кандидаты келді: К.С. Баишев, Т.А. Көкетаев, Т.Ф. Мустафин, А.И. Перевертун, М.А. Перевертун, Т.С. Смагов және басқалары.

Факультетімізде студенттер саны 1972 жылы 339; 1973 жылы 367, кешкі бөлім 432; 1974 жылы 386, кешкі бөлім 317 және т.с.с. қарқынды даму үстінде болды.

Е.А.Бөкетов ректорлық қызметін атқарған жылдары университеттің басты міндеттерінің бірі – факультеттердің ғылыми деңгейін көтеру және кәсіби кадрларды қалыптастыру болды. Бұл бағытта Математика факультетінің орны ерекше еді. Себебі математика – барлық жаратылыстану және техникалық мамандықтардың негізін құрайтын ғылым, сондықтан факультетке жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамын жинақтау аса өзекті мәселе болды.

Е.А. Бөкетов бастамасымен Мәскеу, Ленинград, Новосибирск сынды ғылыми орталықтардан жас ғалымдар мен тәжірибелі мамандар шақырылды. Сонымен қатар, жас қазақстандық түлектерді аспирантура мен ғылыми тағылымдамаларға жіберу ісі жүйелі түрде ұйымдастырылды. Бұл қадамдар болашақта факультеттің өз түлектерінен қалыптасқан ғылыми кадрлық мектебін құруға негіз қалады.

Е.А.Бөкетов тек ұйымдастырушы ғана емес, өзі де ірі ғалым ретінде ғылыми ізденістің, шығармашылық атмосфераның қалыптасуына жағдай жасады. Ол университеттегі әрбір факультеттің, соның ішінде математика саласының, тек білім беру ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу орталығы болуын көздеді. Нәтижесінде алғашқы жылдары-ақ Математика факультетінде ғылыми семинарлар, студенттік үйірмелер ашылып, жас мамандардың зерттеушілік әлеуетін арттыруға жол ашылды.

Е.А. Бөкетов «Натурал қатардың сандары, химиялық ұқсастықтары және ғаламның элементтері» атты мақаласында математика заңдылықтары мен химиялық элементтердің қасиеттерін өзара салыстырмалы тұрғыда талдаған. Аталмыш еңбегінде жаратылыстану ғылымдарының өзара сабақтастығына ерекше мән береді. Мұндағы негізгі мақсаты – математика ғылымындағы натурал сандардың ішкі заңдылықтарын химиядағы элементтердің құрылымдық жүйесімен салыстыра отырып, табиғаттағы үйлесімділікті көрсету болған. Бұл тұрғыда ғалым сан ұғымының тек арифметикалық маңызы ғана емес, әлемді танудағы әмбебап рөліне назар аударады.

Бұл мақалада натурал сандар қатары тек санау құралы ретінде емес, белгілі бір жүйеліліктің, реттіліктің көрінісі ретінде қарастырылған. Бөкетов натурал сандардың реттілігін, олардың бөлінуі мен топталуын талдай отырып, бұл қатардың табиғи құбылыстардағы заңдылықтарды бейнелейтінін айқындайды. Әсіресе, натурал сандардың симметриясы, пропорциялары мен үйлесімділігі химиядағы атомдық жүйелерге ұқсастықта қарастырылған.

Е.А. Бөкетов химия ғылымындағы басты заңдылықтардың бірі – элементтердің периодты түрде қайталануы мен ұқсас қасиеттерін сипаттайды. Мақалада атомдық салмақтың артуына байланысты элементтердің химиялық және физикалық қасиеттерінің өзгеруі нақты мысалдармен талданған. Бөкетов мұны натурал сандардың прогрессиясымен салыстырып, математикалық қатар мен химиялық жүйе арасындағы терең байланысты көрсетеді.

Мақаланың маңызды бөлігі Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесіне арналған. Е.А. Бөкетов бұл кестенің ғылыми мәнін ашып қана қоймай, оның құрылымдық ерекшеліктерін сипаттайды. Автор периодтардың ұзындығына, элементтердің топтарға бөлінуіне, қасиеттердің қайталануына назар аударып, осының бәрін математикалық реттілік заңдылықтарымен салыстырады. Ол кестенің қысқартылған түріне сипаттама беріп, элементтердің орналасуындағы үйлесімділікті натурал қатардың негізінде түсіндіреді.

Осындай мысалдар келтіру арқылы табиғаттағы барлық құбылыстардың негізінде белгілі бір заңдылық пен үйлесім жатқандығын аңғартады. Математикадағы сандық құрылымдар мен химиядағы элементтердің периодтылығы біртұтас жүйенің екі қыры ретінде қарастырылады. Е.А. Бөкетов мұны «ғаламдық үйлесімнің көрінісі» деп атап, ғылымдардың интеграциясы арқылы әлемді тереңірек түсінуге болатынын дәлелдейді.

Бұл мақалада Е.А. Бөкетов математика мен химия арасындағы іргелі байланысты нақты мысалдармен көрсетіп, натурал сандардың реттілігін химиялық элементтердің периодтық заңымен салыстырады. Ғалымның еңбегі ғылымдардың тоғысу идеясын қуаттап, жаратылыстану саласында әдіснамалық тұрғыдан маңызды жаңаша көзқарас қалыптастырады.

Е.А.Бөкетовтың ректорлық қызметі жылдарында Математика факультетінде алғашқы жоғары білімді мамандар дайындала бастады. Олар кейіннен республика мектептерінде математика мұғалімі, жоғары оқу орындарында оқытушы, ғылыми-зерттеу институттарында қызметкер болып еңбек етті. Осылайша факультет түлектері бүкіл Қазақстанға тарап, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына үлес қосты.

Сонымен қатар, Е.А. Бөкетовтың бастамасымен факультетте оқу бағдарламалары жетілдіріліп, математиканың іргелі бағыттарын қамтитын пәндер енгізілді. Бұл қадам болашақта факультет түлектерінің кәсіби деңгейін арттырып, олардың ғылыми және педагогикалық қызметке дайындығын қамтамасыз етті.

Е.А. Бөкетов қалаған дәстүр – ғылым мен білімді ұштастыру, факультетте ғылыми орта қалыптастыру. Қазіргі факультеттің кадрлық әлеуетінде сол жылдары негізі қаланған жүйенің жалғасы бар. Университеттің өзі бүгінде Е.А. Бөкетов есімімен аталуы – оның еңбегінің мәңгілік мойындалуының көрінісі.

Қазіргі таңдағы факультетіміздің жетістіктері мен кафедра құрамына тоқталатын болсақ, осы айтылғандарды айқын көре аламыз.

Факультеттің алғашқы деканы А.И.Игілікөв кадр мәселесін шешуде орасан зор жұмыстар атқарды. Алғашқыда факультетте 5 кафедра болған: математикалық талдау, дифференциалдық және интегралдық теңдеулер, жоғарғы алгебра, жоғарғы геометрия, математиканы оқыту әдістемесі. Оларды әр жылдар бойы меңгерушілер ф.-м.ғ.к., доценттер М.А. Перевертун, А.И.Игликов, Т.Ф.Мустафин, аға оқытушы Н.Т.Мочернюк және п.ғ.к., доцент С.Б.Баймурзин басқарды.

«Математикалық талдау» кафедрасы университеттің жан-жақты білім беру жүйесінде негізгі кафедралардың бірі болып табылды. Университеттің құрылуына дейін «Математикалық талдау» кафедрасы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетінің құрамына болған. Ол уақытта кафедраны ф.-м.ғ.к., доцент В.А.Нам басқарды. 1972 жылы университет ашылғанда кафедраны басқаруға Қазақ техникалық институтының ф.-м.ғ.к., доцент М.А. Перевертун шақырылды. Ол осы қызметте 1978 жылға дейін жұмыс істеді. Сонымен қатар кафедраны бірнеше жылдар бойы ф.-м.ғ.д., профессор Е.С. Смаилов, ф.-м.ғ.к., доцент Ғ.А. Акишев, ф.-м.ғ.к., доцент Ж.Х.Жантлесов, ф.-м.ғ.д., профессор Л.К. Кусайнова жетекшілік етті.

Кафедраны дамытуға, жас мамандарды дайындауға және математикалық талдау бойынша Қарағандылық ғылыми математикалық мектепті құруға ф.-м.ғ.д., профессор Е.С. Смаилов зор үлес қосты. 1983 жылы кафедрада 01.01.01- математикалық талдау мамандығы бойынша аспирантура, 1999 жылы магистратура, 2000 жылы кандидаттық диссертацияларды қорғау бойынша К.14.50.03 Кеңесі, 2001 жылы докторантура ашылды.

«Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер» кафедрасы ашылғаннан бері әр жылдар бойы кафедра меңгеруші қызметін ф.-м.ғ.к., доцент Т.С.Смаатов, ф.-м.ғ.к., доцент Ю.И. Елефтериadi, ф.-м.ғ.к., доцент Т.Е. Омаров, ф.-м.ғ.к., доцент С.А.Абдыманапов, ф.-м.ғ.к., доцент М.И. Рамазанов, ф.-м.ғ.д., профессор Л.К.Кусайнова, ф.-м.ғ.к., доцент Б.С.Кошқарова атқарды.

1992 жылдан бастап кафедрада 01.01.02- дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша аспирантура ашылды. 1995 жылы магистратура ашылды.

Жоғарғы алгебра кафедрасы 1967 жылдан бастап педагогика институтының физика-математика факультетінде жұмыс істеді. Т.Ф.Мустафиннен кейін кафедраны доценттер В.Д.Тэн, Т.А.Нурмагамбетов, К.Ж.Жетписов жетекшілік етті.

Орталық Қазақстандағы математика облысында алғашқы физика-математика ғылымдарының докторы Т.Ф.Мустафин модельдер теориясы бойынша ғылыми мектеп құрды. Кафедра РІ.С.С.541 бірлескен бағдарлама аясында Лион университетінің (Франция) ғалымдарымен тығыз ғылыми байланысты қолдайды. Нәтижесінде кафедра оқытушылары Лион университетінде тәжірибе жинақтады және Қазақстан мен Францияда өтетін Қазақ-Француз коллоквиумы кезекпен өткізілді.

Жоғарғы геометрия кафедрасы ашылғанда кафедра құрамында 5 адам қызмет жасады. Кафедра меңгерушілері факультет ф.-м.ғ.к., доценттер Г.А.Дерфель (1979-1984ж.ж.) және Т.Х.Макажанова (1984-1997 ж.ж.) болды.

Математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы педагогикалық институтта 1952 жылдан бастап, жұмыс істеді. 1972 жылға дейін оны Б.Э.Мирау басқарды. 1976 жылға дейін басқарған С.Б.Баймурзиннен кейін кафедраның меңгерушілері п.ғ.к., доценттер Н.П.Кострикина (1976-1992 ) және К.Т.Бертисканова (1992 жылдан бастап) болды.

1976 г. жылы есептеу математикасының аса дамушы облысында мамандарды дайындау қажеттілігіне байланысты есептеу математикасының кафедрасы құрылды. Оның негізін қалаған әрі алғашқы меңгерушісі ф.-м.ғ.к., профессор Н.А.Альмуханбетов болды. Кейін кафедраның аталуы есептеу математикасы және есептеу техникасын программалық қамсыздандыруға (1996 ж), қолданбалы есептеу математикасына (1997 ж), қолданбалы математика және информатика кафедрасына (2003 ж.) ауысты. Әр жылдары кафедра меңгерушілері ф.-м.ғ.к., доценттер И.Л.Ильин, М.М.Мұздақбаев, М.М.Букенов, А.А.Дурмаганбетов, Д.Б.Алибиев, профессорлар К.Т.Искаков пен Х.Ж.Халманов болды.

Жалпы университет бойынша математиканы оқытуды жүзеге асыру үшін кафедраны құру мақсатымен 1991 жылы жоғарғы математика кафедрасы құрылды, 1994 жылы математика және модельдеу әдістері атауына өзгерді. Оның алғашқы меңгерушісі ф.-м.ғ.к., доцент М.М.Мухтаров болды. Кейін оны ф.-м.ғ.д., профессор Н.А.Боқаев, Е.Д.Нурсултанов, ф.-м.ғ.к., доценттер Т.У.Аубакиров пен К.А.Бекмаганбетов басқарды.

1997 жылы «Механика» мамандығының ашылуына байланысты механика кафедрасы ашылды. Алғашқы меңгерушісі т.ғ.д., профессор К.А.Турсунов болды.

Әр жылдары факультет декандары Т.С.Смаатов, М.А. Перевертун, Т.Ф.Мустафин, Ж.Ж.Жанабеков, Е.С.Смаилов, С.А.Абдыманапов, А.И.Игликов, Т.Х.Макажанова, Н.А.Боқаев, Н.Ф.Абдрахманов, Д.Б.Алибиев, Д.А.Казимова болды. Қазіргі декан А.О. Танин.

Факультеттің қалыптасуында бірнеше ғылыми мектептер пайда болды. Солардың бірі ф.-м.ғ.д., профессор Е.С. Смаиловпен қалыптастырылған функционалдық кеңістіктерді жуықтау және енгізу теориясы, мультипликативтік жүйелердің ортогональдық қатарлары болып табылады. Факультеттің оқытушыларының зерттеулері бойынша бірнеше ғылыми жинақтар шығарылды, «Функционалды кеңістіктерді жуықтау және енгізу теориясы» атты бірнеше конференциялар өткізілді. Бұл конференциялардың соңғысы халықаралық деңгейде өтті.

Республикамызда және шетелде ф.-м.ғ.д., профессор Т.Ф. Мустафин негізін қалаған модельдер теориясы бойынша мектеп өте танымал. Профессор Т.Ф. Мустафин атындағы алгебра, геометрия және математикалық логика кафедрасының оқытушыларының халықаралық тұрғыда тынбай жұмыс істеу арқасында математика факультетінің түлегі Е.Т. Мустафин 2003 жылы Францияда PhD ғылыми дәрежелі диссертацияны, 2010 жылы доцент А.Р. Ешкеев докторлық диссертациясын қорғады.

Ф.-м.ғ.д., профессор М.И.Рамазановтың басқаруымен математикалық талдау және дифференциалды теңдеулер кафедрасының бірқатар оқытушылары «Жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін шектік есептер» тақырыбын жобалауда. Осы аталаған зерттеулер тарапында РФА СБ математика институтымен және НМУ-мен (Новосибирск қаласы) ғылыми бірлесіп жұмыс жасау келісім шарты жасалған. «Құрастыру элементтерінің есептерін автоматтандыру» тақырыбы бойынша жұмыс істейтін т.ғ.д., профессор К.А. Тұрсыновтың жетекшілігімен бірлескен ұжым қалыптасты. Оқытушылардың зерттеулерінің нәтижелері 2007 жылы факультетте өткен «Механикалық жүйелер мен процестерді үлгілеу» атты республикалық конференцияда ұсынылды.

"Математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер" кафедрасы 28.08.2006 ж. математика факультетінің екі іргелі кафедрасының бірігуі нәтижесінде құрылды: "Математикалық талдау және дифференциалдық және интегралдық теңдеулер". "Математикалық талдау" кафедрасы университеттің көп қырлы білім беру жүйесіндегі негізгі кафедралардың бірі болды. Математикалық талдаудың, функционалдық талдаудың негізгі курстарымен және оқу жоспары бойынша комплексті айналымы функциялар теориясымен қатар күндізгі және сырттай бөлімдердің математика және физика факультеттерінде қолданбалы сипаттағы мәселелерді зерттей отырып, арнайы курстар мен талдаудың қосымша тараулары оқылды.

Кафедраның бірінші меңгерушісі доцент Игликов А.И. (кейін профессор). Әр жылдары кафедра меңгерушілері болып физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Смаатов Т.С. (кейін профессор), физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Елефтериани Ю.И., физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров Т.Е., физика-математика ғылымдарының кандидаты, ф.-м.ғ.к., доцент Абдыманапов С.А. (қазір профессор, физика-математика ғылымдарының докторы), физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Рамазанов М.И. (қазір еңбегі сіңген профессор, физика-математика ғылымдарының докторы), физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Құсайынова Л.К.

Қазіргі уақытта біріктірілген математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер кафедрасында жоғары білікті ұжым жұмыс істейді: 4 профессор, 5 доцент, 8 аға оқытушы, 2 оқытушы. Кафедра меңгерушілері ф.-м.ғ.к., доцент Б.С. Кошқарова, ф.-м.ғ.к., доцент Жанбусинова Б.Х., ф.-м.ғ.к., доцент Битимхан С., ф.-м.ғ.к., доцент Искакова Г.Ш., PhD Танин Ә.О., PhD Токмагамбетова Т.Д., қазір PhD Тулеутаева Ж.М.

Кафедрада ғылыми семинарлар өткізіледі: Жүктелген теңдеулер. Математикалық физика теңдеулерінің классикалық емес есептері, жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор Рамазанов М.И. Бұл – шекаралық немесе бастапқы шарттарға қосымша жүктелген шарттар қойылған дифференциалдық теңдеулер. Мысалы, екінші ретті дифференциалдық теңдеуге (толқындық, жылуөткізгіштік, Лаплас теңдеуі т.с.с.) тек бастапқы және шекаралық шарт қана емес, қосымша сызықтық комбинация түріндегі шарт қосылады. Яғни, бұл курста классикалық теңдеулердің

(жылуөткізгіштік, толқындық, Лаплас теңдеуі) стандартты Дирихле–Нейман есептерінен бөлек, қосымша жүктелген шарттары бар және классикалық емес қойылымдағы күрделі есептер қарастырылады.

Дифференциалдық теңдеулер теориясы бойынша семинар, жетекшісі ф.-м.ғ.к., профессор, Орумбаева Н.Т. Дифференциалдық теңдеулердің қосымшалары ғылым мен техникада шексіз кеңістікке ие. Олар табиғаттағы күрделі құбылыстарды түсінуге, болашақты болжауға және жаңа технологияларды дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл пәнді меңгеру тек математиктер үшін ғана емес, инженерлер, физиктер, экономистер және биологтар үшін де аса қажет.

Іске асырылып жатқан жобалар:

1. AP23488729 «Шекаралары өзгертін облыстардағы бөлшек ретті бөлшектік дифференциалдық теңдеулер және олармен байланысты арнайы интегро-дифференциалдық теңдеулер» 2024-2026 жылдарға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру), жоба жетекшісі физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Рамазанов М.И.

2. AR23489523 «Жүктелген дифференциалдық теңдеулер мен бөлшек ретті операторы бар интегродифференциалдық теңдеулер үшін шекті есептер: шешімдердің бар болуы және құрылысы» (2024-2026 жж. ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру), PhD жоба жетекшісі, доцент Космакова М.Т.

"Алгебра, математикалық логика және геометрия" кафедрасы 1997 жылы математика факультетінің екі іргелі кафедрасының бірігуі нәтижесінде құрылды: "Жоғары алгебра" және "Геометрия және топология".

1972-1973 оқу жылы аралығында кафедраны жас доцент Т. Г. Мұстафин басқарды. Толенді Гарифович Мұстафин ерекше тұлға, бас әріппен жазылған математик болған. ҚарМУ-да жұмыс істеген алғашқы күндерінен бастап студенттермен ғылыми жұмысты бастайды, оларды Қарағандыдағы ғылыми мектептің болашақ мүшелері ретінде көреді.

Ф-м.ғ. д., профессор, кафедра меңгерушісі А.Р. Ешкеев профессор Т.Г. Мұстафиннің жетекшілігімен аспирантурадан өтті. 1995 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 1994-1996 жылдары INTAS халықаралық бағдарламасы аясында жұмыс істеді. Модель теориясы бойынша алты халықаралық коллоквиумға, сондай-ақ алгебра және математикалық логика бойынша көптеген халықаралық конференцияларға және жалпы математика және оның әртүрлі елдердегі қосымшалары бойынша қатысушы: АҚШ, Франция, Англия, Швеция, Финляндия, Австрия, Польша, Қытай, Малайзия, Сербия, Босния және Герцеговина. 2010 жылы "Мінсіз позитивті джонсондық теориялардың құрылымы" докторлық диссертациясын қорғады. А.Р. Ешкеев модельдер теориясы саласындағы ғылыми зерттеулермен белсенді айналысады. 2006-2012 жылдары мемлекеттік бюджеттік тақырыптар бойынша зерттеу мақсаттарына гранттар алды. 2016 жылы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атағын алды.

1995 жылы "Алгебра, математикалық логика және геометрия" кафедрасына профессор Т.Г. Мұстафиннің есімі берілді. Профессор Т.Г. Мұстафин атындағы алгебра және математикалық логика кафедрасының меңгерушісі Қ.Ж. Жетпісов болды. 1997 жылы Алгебра, математикалық логика және геометрия кафедрасы біріктірілді. Біріккен кафедраның меңгерушісі болып доцент Қ.Ж. Жетпісов қалды.

2000 жылдан бастап профессор Т.Г. Мұстафин атындағы алгебра, математикалық логика және геометрия кафедрасының меңгерушісі профессор А.Р. Ешкеев болды. Одан кейін Н.Қ. Медеубаев, ал қазір кафедра меңгерушісі Р.А. Қайыров. А.Р. Ешкеев әлемдік логикалық қоғамдастықта модельдер теориясының , атап айтқанда джонсондық теориялардың маманы ретінде танымал. 2017 жылғы 7 желтоқсанда профессор Ешкеев Айбат Рафхатұлы "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісімен марапатталды. Факультетте "6D060100 –Математика" мамандығы бойынша докторлық диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Профессор А.Р. Ешкеев кеңес төрағасының орынбасары болып, ал қазір сол кеңестің төрағасы болып табылады. Негізгі ғылыми бағыттары: «Йонсондық теориялар және олардың модельдерінің кластары», «Байытуға рұқсаттылығы бар йонсондық теориялар», «Атомдық және экзистенциалды жай йонсондық теориялардың модельдер қасиеті».

«Математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі» (қысқаша МЖИОӘ) кафедрасы 1952 жылы құрылды. Кафедраның бүкіл қызметі барысында оның функционалдық міндеті түлектерді – болашақ математика және информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау болды және болып қала береді.

1998 жылдан бастап кафедра көпсалалы болып, университеттің барлық факультеттерінде «Математика», «Жоғары математика», «Математиканы оқыту әдістемесі» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері бойынша оқу сабақтарын жүргізеді.

Кафедраның бастауында шығармашылық тұлғалар, тәжірибелі педагогтар, әдіскерлер болды:

Жылдар	Кафедра меңгерушілері
1952-1972	аға оқытушы Мирау Борис Эдуардович
1972-1976	п.ғ.к., доцент Баймурзин Сейтқали Баймурзинович
1976-1993	п.ғ.к., доцент Кострикина Нина Петровна
1993-2013	п.ғ.к., доцент Бертисканова Камшат Турсуновна
2013-2021	ф.-м.ғ.к., доцент Сыздыкова Назым Косарбековна
2021- 2025	PhD, қауымд.профессор Бейсенова Дана Рымбаевна
2025 жылдан	п.ғ.к., профессор Қосыбаева Үмітжан Амангелдіқызы

2007-2008 оқу жылының басында ректордың бұйрығымен математика және модельдеу әдістері (МММ) кафедрасы «Математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының бұрынғы атауын сақтай отырып, математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасына қосылды.

МММ кафедрасы 1991 жылдың ақпан айынан бастап жалпы университеттік бағытта жұмыс істеді. 1994 жылы кафедраның атын «Математика және модельдеу әдістері» атауына өзгертті.

1991 - 1996 ж.ж. - кафедра меңгерушісі, ф.-м.ғ.к, доцент М.М.Мухтаров; 1996 - 1999 ж.ж. - ф.-м.ғ.д, профессор Н.А.Бокаев, қазіргі уақытта Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, «ЖОО Үздік оқытушысы» Республикалық грант иегері, жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі; 1999 - 2001 ж.ж. - кафедра меңгерушісі болған ф.-м.ғ.д, профессор Е.Д.Нурсултанов, қазіргі уақытта М.В.Ломоносов атындағы ММУ филиалының профессоры, КНАСОН эксперт кеңесінің төрағасы, К.Сатпаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «ЖОО Үздік оқытушысы» Республикалық грант иегері; 2001-2002 ж.ж. - ф.-м.ғ.к., доцент Т.У.Аубакиров, 2002 – 2006 ж.ж. - ф.-м.ғ.д, профессор К.А.Бекмаганбетов, қазіргі уақытта М.В.Ломоносов атындағы ММУ филиалының профессоры, кафедра меңгерушісі; 2006 – 2007 ж.ж. докторантурадан кейін кафедра меңгерушісі болған ф.-м.ғ.к., доцент Т.У.Аубакиров, қазіргі уақытта Астанадағы оқулық орталығының бас маманы.

2015 жылы доцент А.Ш.Қажыкенова «2015 жылғы ЖОО Үздік оқытушысы» атағын алды.

2021 жылы математика және ақпараттық технологиялар факультетінің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы, осы кафедраның қауымдастырылған профессоры У.А.Қосыбаева «2021 жылғы ЖОО Үздік оқытушысы» атағын алды.

Қолданбалы математика және информатика кафедрасы. 1976 жылы ақпанда Есептеу математикасы кафедрасы құрылды. ҚарМУ Есептеу математикасы кафедрасының ашылу бастамашысы. Е. А. Бөкетов Алмуханбетов Науханбай Алмуханбетұлы болды. 1976 жылы ол оның бірінші меңгерушісі болды. 1975 жылдан-доцент, 1992 жылдан - осы кафедраның профессоры. Оның кәсіби қызметінің негізгі бағыты тау-кен өнеркәсібіндегі геологиялық процестерді математикалық модельдеудің ғылыми негіздемесі және ғылыми кадрларды даярлау болды. Оның жетекшілігімен кафедра басқа университеттермен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен және институттарымен кең ғылыми байланыста болды.

Кафедраның алғашқы оқытушылары А.М.Бабалиевпен, Ж.Ж. Жаңабековпен, Х.М. Сағындықовпен, М.М. Сюртебаевпен, З.Н. Біржановамен, А.Б. Дюсембинамен, С. Балкыбаевамен бірге жұмыс істей отырып, қолданбалы математика саласындағы мамандарды тиімді даярлауды қамтамасыз ете алды. Кафедраның алғашқы стажер-зерттеушілері болашақ академик Смағұлов Шалтай Смағұлұлы және профессор Мұздақбаев Мұхамедияр Мұздақбайұлы болды. Н.А. Алмуханбетов көптеген жас, талантты математиктерді, атап айтқанда М.М. Бөкеновті, К.Т. Ысқақовты, А.М. Омаровты тартып, қалыптастыруға қатысты. Кейінгі жылдары кафедра меңгерушілері: Ильин И.А. (1984-1989), Мұздақбаев М.М. (1989-1994), Исқаков К.Т. (1994-1997), Бөкенов М.М. (1997-1999), Дурмагамбетов А.А. (1999-2000), Алибиев Д. Б. (2000-2002), Исқаков К.Т. (2002-2003), Халманов Х.Ж.. (2003-2006), Алибиев Д.Б. (2006 - 2012), Омаров А. М. (2012-2013), Спирина Е. А. (2013-2016), Казимова Д. А. (2016-2018), Спирина Е. А. (2018-2022). А. Б. Келдібекова (2022-2025) Қазіргі уақытта кафедраны Попова Н.В. басқарады.

Жобалар: - 2017-2022: Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық желілік институт" Ресей Федерациясының Қаржылық мониторинг жөніндегі Федералды қызметімен, Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігімен, Ресей Федерациясының ғылыми ұйымдарының Федералды агенттігімен жүзеге асырылады. - 2018-2022: неміс Магдебург университетімен (Германия, Отто фон Герике университеті) GeKaVoc халықаралық ғылыми жобасы. - 2020-2023: Erasmus+ "Implementing Dual System in Kazakhstan/Kazdual" халықаралық жобасы (618835-EPP-1-2020-10-0KZ-EPPKA2-SVNE-SP). -2024-2026: ИРН AP23487789 "жоғары білім беру жүйесінде бейімделген дербестендірілген оқытуды іске асыруға арналған жасанды интеллект технологиялары" - жетекшісі Казимова Д. А - 2025-2027: IRN AP26195609 "студенттерді иммерсивті оқытуды жүзеге асыру үшін кеңейтілген (AR) және виртуалды (VR) шындықпен робототехниканың виртуалды зертханасын әзірлеу" - жетекшісі Спирина Е. А. - 2025-2027: грант №br28713531 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдардың Зияткерлік цифрлық жүйесі (ПЦФ ЕҰУ-мен бірлесіп Smart.EDU)

Е.А. Бөкетовтің жетекшілігімен қалыптасқан дәстүрлер – ғылым мен білімнің өзара тығыз байланысы, факультетте белсенді ғылыми органың орнығуы – бүгінгі күнге дейін өзінің жалғасын тауып келеді. Қазіргі факультеттің кадрлық әлеуетінде де осы тарихи негіздің ізі айқын сезіледі. Бұл дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі факультеттің ғылыми-зерттеу бағыттарының тұрақты дамуына, жас мамандардың кәсіби деңгейінің артуына ықпал етті.

Университеттің Е.А. Бөкетов есімімен аталуы – оның ғылымдағы және білім берудегі еңбегінің мәңгілік мойындалуының, сондай-ақ қоғам тарапынан жоғары бағалануының айқын көрінісі. Бұл атау университет ұжымын жауапкершілікке, ғылыми ізденістер мен білім беру ісіндегі биік талаптарға ұмтылуға жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Евней Арыстанұлы Бөкетовтың әлемі - Мир Евнея Арыстановича Букетова/ Бас ред. Е.Қ.Көбеев.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015.-506 бет.-қазақша, орысша.
2. Е.С. Смаилов. Салған әндей өтті ғой шалқып ғұмыр: Мақалалар мен естеліктер/құраст. Е.Төлеутай. – Алматы: «Ақшағыл» баспасы, 2025. -280 бет
3. Карагинский государственный университет имени Е.А.Букетова/ Авт. Кол. Караганда: Изд-во КарГУ, 1997. 325 с.